

Г.Ш. Әшірбекова* , Ә.Қ. Абылханова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*e-mail: ashirbekova_75@mail.ru

Б. ОМАРҰЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

Ұлттық баспасөздің дамуында өзіндік қолтаңбасы бар Б.Омарұлының журналистік қыры тақырыпты, өзекті мәселені өткір қоя білуімен ерекше. Б.Омарұлы қай мәселені жазса да, тыңғылықты, терең зерттеп барып жазатыны – өз ісіне деген жауапкершілігінің молдығынан. Оның тың идеясы мен өзгелерге ұқсамайтын тұсы – авторлық позициясының айқындығы. Бауыржанның қаламынан туған публицистикалық мақалалары, жанды мен жансызға өзіндік айшық бере отырып суреттеген публицистік эсселері оқырманның қызығып оқитын шығармаларына айналған. Сол себепті қаламының желі бар, ойы ұшқыр журналист Бауыржан Омарұлының шеберлік шеберханасына үңіліп, өзіндік ерекшеліктерін анықтау ұлттық журналистиканың зәру тақырыбы деп білеміз.

Б. Омарұлының публицистикалық шығармаларындағы проблемалық, тақырыптық ерекшеліктерін көрсетіп, көркемдік шеберлігін анықтау, сондай-ақ, оның өзіндік азаматтық көзқарасын таныту ғылыми мақаланың негізгі мақсаты болып табылады.

Б. Омарұлы – таңдаған тақырыпты жан-жақты зерттеп, уақыт салып, қайта зерттеп, толықтырып жазуға машықтанған қаламгер. Бұл оның журналистік зерттеу әдістерін терең меңгергендігін көрсетсе керек. Осы орайда публицистің тақырыпты таңдауы мен тауып қоюы шығармашылық шеберлік тұрғысынан талданды. Оның публицистикалық шығармашылығындағы жанрды (хабарлама, талдамалы, көркем-публицистикалық, эпистолярлық) жете меңгерудегі ізденімпаздығы нақты мақалаларды, очерктерді, сұқбаттарды, журналистік зерттеулерді, эсселерді талдау арқылы айқындалады. Публицист аталған жанрларды терең меңгеріп қана қоймай, оларды түрлендіруде дара қолтаңбасын танытады.

Мақалада Б. Омарұлының «Лениншіл жас» («Жас Алаш»), «Айқын» газеттерінде жарияланған публицистикалық мақалалары жанрлық, тақырыптық, проблемалық, тілдік, стильдік тұрғыдан талданып, қаламгердің дара қолтаңбасын аңғартатын ерекшеліктер сарапталады. Басқа да туындыларындағы өзіндік стилі, даралығы мен ізденімпаздығы зерттеледі.

Б.Омарұлы – ұлттық публицистикада дара қолтаңбасы қалыптасқан қаламгер. Оның даралық келбеті таңдаған тақырыбынан, мәселені тыңғылықты зерттейтін қаламгер мінезінен, ұлттық құндылықтарды қадір тұтуы мен туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігінен, сөз өнеріне деген жоғары талғамынан көрінеді. Б.Омарұлының шығармашылығында табиғат пен адам, адам мен қоғам қатынасы, тұлғалар тағдыры ерекше көрініс тапқан. Бұл – бүгінгі жас журналистер үшін үлкен шеберлік мектебі.

Түйін сөздер: ұлттық журналистика, публицист, баспасөз, очерк, эссе.

G.SH. Ashirbekova*, A.K. Abylkhanova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

e-mail: ashirbekova_75@mail.ru

Methods of Presenting Information in the Journalism of B. Omaruly

The journalistic side of Bauyrzhan Omaruly, who has his own style in the development of the national press, is unique in that he knows how to raise a topical issue. Whatever problem B. Omaruly wrote, he approached it carefully and with great responsibility. Its freshness of idea and uniqueness lies in the clarity of the author's position.

Bauyrzhan's travel essays, which give life to living and non-living things, have become readers' favorite works. Therefore, we believe that looking into the workshop of the resourceful journalist B. Omaruly and identifying its features is a necessary topic for domestic journalism.

The main purpose of the scientific article is to show the problematic, thematic features of the journalistic works of B. Omaruly, to determine his artistic abilities and to express his civil position.

B. Omaruly is a writer who studies the chosen topic in detail. He has a deep knowledge of journalistic research methods. At the same time, the choice and discovery of the topic by the publicist were

analyzed from the point of view of creative abilities. His desire to master the genre of the journalistic work (analytical, artistic, journalistic, epistolary) is determined by the analysis of specific articles, essays, interviews, journalistic studies. The publicist not only master these genres, but also has a unique style in their transformation.

The article analyzes journalistic texts by B. Omaruly, published in the newspapers «Leninshil zhas» («Zhas Alash»), «Aikyn», in terms of genre, theme, problem, language, style, features of the author's position. His original style, personality and curiosity are explored in his other works.

B. Omaruly is a writer with a unique style in domestic journalism. His personality is reflected in the chosen topic, the nature of the writer who studies the issue in detail, his respect for national values and boundless love for the Motherland, high taste for the art of speech. In the works of B. Omaruly a special reflection of nature and man, the relationship between man and society, the fate of the individual appeared. This is an excellent school for today's young journalists.

Key words: national journalism, publicist, press, essay, Bauyrzhan Omaruly.

Г.Ш. Аширбекова, А.К. Абылханова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан
e-mail: ashirbekova_75@mail.ru

Методы подачи информации в публицистике Б. Омарұлы

Журналистское творчество Б. Омарұлы отличается собственным почерком и в истории национальной печати уникально тем, что автор умеет поднять актуальную тему, злободневный вопрос. Какую бы проблему не затрагивал Б. Омарұлы, она была всегда решена с большой ответственностью. Свежесть идеи и уникальность заключаются в ясности авторской позиции журналиста.

Публицистические статьи Бауыржана, дающие жизнь живому и неживому, стали любимыми произведениями читателей. На наш взгляд, проанализировать мастерскую талантливого журналиста Бауыржана Омарұлы и выявить особенности его подачи информации – важная тема для отечественной журналистики.

Основная цель научной статьи – показать проблемные, тематические особенности публицистических произведений Б. Омарұлы, определить его художественные способности, а также выразить его гражданскую позицию.

Б. Омарұлы – писатель, подробно изучающий выбранную тему. Это показывает, что он обладает глубоким знанием методов журналистского исследования. При этом выбор и открытие темы публицистом анализировались с точки зрения творческих способностей. Его стремление овладеть жанром публицистического произведения (заметка, аналитические, художественно-публицистические, эпистолярные) определяется анализом конкретных статей, очерков, интервью, публицистических исследований, очерков. Публицист не только владеет этими жанрами, но и обладает уникальным почерком в их трансформации.

В статье анализируются публицистические статьи Б. Омарұлы, опубликованные в газетах «Лениншил жас» («Жас Алаш»), «Айкын», с точки зрения жанра, темы, проблемы, языка, стиля, особенностей авторской позиции. Его оригинальный стиль, индивидуальность и любознательность исследуются и в других его работах.

Б. Омарұлы – писатель с уникальным почерком в отечественной публицистике. Его личность отражается в выбранной теме, характере писателя, детально изучающего вопрос, его уважении к национальным ценностям и безграничной любви к Родине, высоком вкусе к искусству речи. В произведениях Б. Омарұлы особое отражение природы и человека, взаимоотношений человека и общества, судьбы личности. Это отличная школа мастерства для современных молодых журналистов.

Ключевые слова: национальная журналистика, публицист, пресса, очерк, эссе.

Кіріспе

Ұлттық журналистиканың әлеуеті бүгінде әлемдегі өркениетті елдер журналистикасымен бәсекелесе алатындай дәрежеде. Олай болса, замана көшінен қалмау, кәсіби деңгейді көтеру, мамандардың білімі мен білігін жетілдіру, ақпарат тасқыны жүріп жатқан дәуірде ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, заман ағымына ілесіп, уақыт үдесінен шығу – төртінші

билік алдындағы басты міндет. Қай кезде де өткенімізге тарихи сабақтастық биігінен қарап, болашаққа ғылыми бағдар жасау – журналистика ғылымының төл ісі. Ақпарат тасқыны үдей түсіп, көркем сөздің құнары азайып, тіл проблемасы күн тәртібінен түспей тұрған дәл бүгінгідей уақытта қазақ публицистикасының кешегісін зерделеп, кемеңгерлер жазған көсемсөздің қадірін бүгінгінің бағамын білген абзал. Сондықтан бұрынғының

бойынан қар-бытып алар, өнеге тұтар өнерді зерттеу, жариялау – көпшілік алдындағы мақсат. Кешегі мен бүгінгі сабақтастыратын дәстүрді дәріптеп, шығармашылықта өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған, шеберлік мектебін дамытушы тұлғаларды таныту әдебиеттану ғылымында бұрыннан бар.

Қазақ журналистикасының тарихы мен тәжірибесінде жеке публицистердің шығармашылығы туралы зерттеу еңбектері аз емес. Алаш қайраткерлерінен бастап бүгінгі қарымды қаламгерлердің бірқатары жайлы ғылыми зерттеулер жасалған. Бұл – болашақ журналистер үлгі тұтарлық публицистік пайым, болжағыштық, ізденімпаздық қасиеттерімен ерекшеленіп тұратын тұлғаларды танытудың ең тиімді тәсілі. Осы орайда Б.Омарұлының шығармашылығы жайлы бірқатар мақалалар жазылғанымен, толық зерттеліп, ғылыми айналымға түспеген.

Ұлттық баспасөздің дамуында өзіндік қолтаңбасы бар Б. Омарұлының журналистік қыры тақырыпты, өзекті мәселені өткір қоя білуімен ерекше. Б. Омарұлы қай мәселені жазса да, тыңғылықты, терең зерттеп барып жазатыны – өз ісіне деген жауапкершілігінің молдығынан. Оның тың идеясы мен өзгелерге ұқсамайтын тұсы – авторлық позициясының айқындығы. Бауыржанның қаламынан туған проблемалық мақалалары, жанды мен жансызға өзіндік айшық бере отырып суреттеген публицистік эсселері оқырманның қызығып оқитын шығармаларына айналған. Публицистің ерекше қалам иесі екендігі туралы, оның алыстағыны шалатын қырағылығы жайлы: «Журналистер ылғи да белгілі бір тұлғалар туралы қалам тербейді. Солардың өз саласынданғы жетістіктерін елге таныстырады. Кейіпкерлерінің адами қасиеттері, күнделікті кәсібі, рухани әлемі жөнінде жазады. Журналистің негізгі жұмысының өзі – осы. Ал осы журналистердің өз тұлғасын оқырманға кеңінен таныту онша үрдіс бола қойған жоқ. Басқа мамандық иелері туралы жазуға дағдыланған әріптестеріміз қаламдастары жөнінде сөз қозғай бермейді. Менің іні-әріптесім Бауыржан Омарұлы осы тұрғыдан алғанда өте құптарлық қадам жасады. Бұл кітапқа енген дүниелер әріптестеріміздің абырой-беделін, өзгелердің бұл мамандыққа деген құрметі мен қызығушылығын оятады», – деп пікір білдірген публицистің «11-ші қаламұш» кітабының алғысөзін жазған журналист, Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов (Б.Омарұлы, 2010. 334).

Журналистік қызметін «Жас Алаш» («Лениншіл жас») газетінен бастап, арнайы шақы-

румен «Хабар» телеарнасында шындалып, «Астана хабары» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, «Айқынның» бас редакторы қызметіне дейін көтерілген публицистің ұлттық журналистика тарихында ойып тұрып алар өзіндік орны бар. Республиканың сұранысқа ие басылымдары «Жас Алаш», аталмыш «Айқынның» мазмұны мен бағыт-бағдарына оқырман сұранысына сай танымдық мақалалар жариялап, ұлттық тарихтың ақтаңдақ беттерінен сыр шертіп, кейінгі жылдары сирек кездесетін очерктің бірнеше түрін, хабарлама және талдама, көркем публицистикада өзіндік қолтаңбасы бар Б.Омарұлының публицист, журналист ретіндегі кәсіби шеберлігі көптеген шығармашылық ұжымның тізгінін ұстаған басшыларға үлгі болары сөзсіз. Шығармашылық кредосына айналған Алаш жұртының маңдайына біткен асыл тұлғалардың, билер мен ақындардың ұрпақтарын іздеп тауып, олардың бүгінгі тағдыры жайлы үлкен зерттеу еңбегін жариялаған Б.Омарұлы қашан да жұрттың назарынан тыс қалған, көпшілікке ой саларлықтай салмақты мәселені қозғайды. Оның ғалымдығы, «Зар заман» ақындарын қазақ пен басқа жұртқа өзгеше қырынан танытқан зерттеуі – өз алдына бөлек әңгіме, бөлек жұмыс. Өзінің ұстаздары мен тұстастары, інілері мен қарындас әріптестері жайында жазған эсселер шоғыры – публицистің шығармашылық шеберханасына қосылған тың дүниелер. Журналист-жиһанкездің Жапония, Америка, Канада, Малайзия, Сингапур сапарлары – жолжазба танымдық-деректік сипаттағы таптырмас очерктер.

Б.Омарұлы білікті басшы, кәсіби маман ретінде бірнеше лауазымды орындарда, бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет атқарды. Журналистің шығармашылық шеберлігін арттыру, басылымның аудиториямен байланысын нығайту, оқырман сұранысы мен қызығушылығын зерттеу мықты ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілетті қажет етеді. «Айқын» газетінде Б.Омарұлына берген сұқбатында білімді әрі ізденімпаз журналист Ж.Аупбаев: «Бас редактор дегеніміз – погонсыз генерал, атақ-дәрежесі рәсімделмеген ғылым докторы, патентсіз өнертапқыш, лицензия алмаған конструктор, халықтық дипломатияны бойына терең сіңірген мәмілегер», – деп анықтама берген еді (Б. Омарұлы, 2012). Сұқбатты алған Бауыржанның өзі дәл осы анықтамаға лайық жұмыс жасап жүр десек қателеспейміз. Бұл – қазіргі көптеген газет редакторлары мен болашақ журналистерге үлгі боларлықтай шеберлік.

Публицистің Facebook әлеуметтік желісінде жариялайтын эсселерінің өзі арнайы зерттеуді қажет етеді. Б.Омарұлының эсселері – оқырманның бір деммен қызығып оқитын танымы мол туындылар. Кейіпкер портретін ашудағы шығармашылық ізденісі бірде езуіңе күлкі үйірсе, енді бірде ойға батырады. Публицист адам жанына үңіле отырып, оның психологиялық көңіл-күйін бақылайды. Мысалы, «Мен білетін Кәрімбек тез ойлап, тез қимылдайтын сияқты еді. Ал мына Қалдыбектің жылдамдығы одан да зор көрінді. Ойындағысын лақ еткізіп айтып салады. Мұқағалиша қайырсақ, жүрегінің түбіне кір жасырмайды. Жұрттың бет-жүзіне қарамайды. Тағы бір өнері елең еткізді. Көрнекті ақын Мұхтар Шахановтың кез-келген өлеңін жатқа оқиды» дей келіп, оның өнердегі жетістіктерін баяндайды. Қаламгер эсселерінде деректілік басым. Оны кейіпкерлерінің өміріндегі ерекше сәттерін суреттегенде, оқиғаны баяндау барысында нақтылық пен көркемдікті тең ұстап отырады. Оқиғаның әрбір деталіне үңілуі – публицист байқампаздығының дәлелі. Оған мысалды Зәки Ахметов, Толыбай Абылаев, Ғалымжан Мелдешов, Сағат Әшімбаев, Камал Смайылов, Ғарифолла Есім туралы эсселерінен кездестіреміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Қай елде болмасын, халық әдебиетінің асқар шыңын, халық санасының шалқар жеңісі мен тұнық тереңін, рухани өмірдің ең өзегі еткен журналист әу бастан-ақ жазуға құмар-тын.

Мерзімді баспасөз – «қоғам айнасы» ғана емес, бойында таланты, жазу қабілеті бар адамдарды қаламгерлікке, жазушылыққа баулитын, оның бойындағы шығармашылық көзінің молынан ашылып, дами түсуіне көмектесетін шындалу мектебі іспетті заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай: «Тәжірибеге қарағанда: әдебиет жұртшылығының арнаулы газеті оқушы жұртшылыққа әдебиеттік қоғамды жақыннан танытады. Ұдайы үзілмес дем-тынысымен, талап-табысымен тірі тұтас бейнедей, жанды күйде жақсы аңғартады. Өмір мен әдебиеттің, халық пен жазушының күнделікті ара-қатынасы үздіксіз өсіп отыратын болады.

Газетсіз әдебиет қауымы роман, драма, поэмаларды немесе әңгіме, очерк, жеке өлеңдер түріндегі шығармаларды тудырып жатқанымен, творчестволық тіршілік баяу, солғын тәрізденеді» (Ж. Аупбаев, 1971). Асылында жазушының өнерін журналистикасы аттап өтіп игерген қалам иелері жоқ десек, артық айтқандық емес. Кез келген қаламгер өзіндік бағыт-бағдарын

баспасөз майданында шындайды. Жазушы Бауыржан Омарұлы да шығармашылық дарынын баспасөзбен ұштастыра жүріп, дамытып келеді. Б. Омарұлының көркемсөздің майталман шебері, заманымыздың айтулы қаламгерлерінің бірі болып қалыптасуында журналистика қаншалықты зор, игілікті рөл атқарса, Бауыржан да өз кезегінде журналистикаға, оның талап, дәстүріне соншалықты адал болып, бір сәт те қол үзбей келеді.

Оның қаламынан туған шығармалар бір бірін рухани жағынан толықтырып тұрады. Әр уақытта да өзін қарапайымдылықтың таусылмас тауқыметінен бөліп көрмеген Б. Омарұлы журналистікке, жазушылыққа тән «әсірелеу әлеміне» әдейі ұмтылады. Оған өзі жазған шығармалардың ұзын-ырғасы – куә. Оның жалғыз ғана мақсаты болды. Ол – осы өмірде өзінің пешенесіне жазылған тіршіліктің сәулесі мен әуресін, қызығы мен шыжығын, жазасы мен жарасын кейінгі ұрпаққа бір кісідей баяндап кету еді. Оған ең алдымен әрине, бірінші кезекте жазушы жанының тазалығы мен танымдық деңгейінің жоғарылығы қажет.

Қаламгерлік қасиеттің тура жолынан таймағанына көркем дүниелерін шындықтың тілімен шырқыратып жазғаны, қандай да бір оқиғаны болсын, сарабал сана таразысына салып тірілкені – куә. Оның желең сөзге жол бермей, керісінше, шығармашылық жолдағы ізденгіштігі, нақты деректерге сүйене жазатындығы үстеме болғандай. Содан да міне, Б.Омарұлының орасан еңбегінің нәтижесінде ел сүйіктісіне айналып отырғандығына – оның оқырмандары кепіл.

«Мен білетін Бауыржан Омарұлы – тіршіліктің тынысын тап басқан, табанды да талапшыл жауапкершілік жүгін жалтақтамай арқалаған қалам қайраткері. Қазақ баспасөзінде мың сан журналист бар. Солардың ішінен суырылып шығып, көсемсөзде өз қолтаңбасын қалыптастырған қалам иелері онша көп емес. Сол сирек дарынды бірегейлердің біреуі Бауыржан бауырымыз деп кесіп айтсам, әсте қателеспегеніме сенімдімін. Қаламын журналистиканың ұстаханасында ұштаған, яғни «Лениншіл жаста» бастаған ініміз қай тақырыпқа қалам сілтесе де төгілтіп, түрлентіп жазып көзге түсті. Азаттықтың аумалы-төкпелі алмағайып жылдарында қоғам өмірінің өзекжарды мәселелерін көтеріп, жастарды тәуелсіздіктің еңсесін тіктеуіне аянбай атсалысуға, Қазақ елінің заман көшіне ілесіп, қатардан қалмай, қайрат-жігерін жұмсауға, үлгі-өнеге көрсетуге, белсенділік

танытуға жігерлендірген жүрек сөзін арнап, абырой-беделі асқақтаған көрнекті көсемсөзші осы Бауыржан болатын. Ол осынау алғаусыз еңбегінің арқасында ел алдында зор абырой-беделге бөленіп, лауазымды қызметтердің төріне шықты. Жүзден жүйрік шыққан журналистер қауымының арасынан абыройын асырып, есімін елге танытқан ерекшелік – дарынды қаламгердің арынды ой-парасатқа толы саликалы сөзі, салмақты пікірі», – деп Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуанышбай Құрманғали ағынан жарылады (Қ. Құрманғали, 2013).

Әдебиетке шолу. Мақала жазу барысында публицистиканың әр алуан мәселелеріне қатысты келелі пікірлерін білдірген Қ. Бекхожин, Т. Амандосов, Т. Қожакеев, Ә.Ыдырысов, Н.Омашев, С.Қозыбаев, Ш.Нұрғожина, Е.Прохоров, А.Горбунов, В.Ученова, Г.Колосов, Е.Журбина, М.Черепяхов, В.Здровега, М.Стюфляева, Г.Солганик, Ж.Бейнбриж, Н.Гок, Л.Тайнанның еңбектері басшылыққа алынды.

Жеке публицистер шығармашылығы зерттеуші ғалымдар Т.Бейісқұлов, Ж.Әлмашұлы, С.Бәйменше, А.Шәріп, А.Мектеп, Н.Қуантайұлы, С.Оспанов, Г.Сұлтанбаева, Б.Сердәлі, К.Қамзин, З.Ермағанбетова, Р.Жақсылықбаева еңбектерін негізге алдық.

Сонымен бірге Б.Омарұлының шығармашылығы жайлы жазылған Қ.Құрманғали, Ә.Сабыржанұлы, Д.Аяшұлы, Т.Тәшеновтің мақалалары негізге алынды. Автордың «Мұрат Мөнкеұлы» (1993), «Жұмыр жермен жүздесу» (1998), «Шартарап» (1998), «Аруана бауыр дүние» (1998), «Бұғауға бағынбаған жырлар» (1998), «Қазақ-қырғыз қасіретнамасы» (1998), «Зар заман поэзиясы» (2000), «Зар заман әдебиеті» (2005), «11-ші қаламұш» (2010) атты ғылыми-публицистикалық кітаптарында очерктері, эсселері, сұқбаттары топтастырылған. Аталған еңбектер тиянақты тұжырым жасау үшін пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау. Журналистика – өз уақытындағы оқиғалар, үрдістер, мәселелер және адамдар туралы жаңа ақпаратты жинақтау мен үлкен аудиторияға жеткізу процесі. Журналистика саласын зерттеуші Барби Зелизер журналистиканы мамандық, индустрия институты немесе қолданбалы өнер ретінде қарастыру жеткіліксіз деп есептейді. Оның пікірінше, журналистика қызметінің нәтижесі мәдениет ретінде қабылдануға тиіс. Журналистика бесаппа мамандар еңбегі нәтижесіне негізделген, алайда журналист болуға талаптанушылар үшін журналистикадан тыс қойылатын талаптың бірі – тәжірибелі мамандардан үйрену.

Журналистика идеялар мен ақпаратты тарату, талқылау және өзара алмасуға негізделген қоғамдық сфераны қалыптастырудан шықты. Грекиялық агора, Римдік форум және Еуропа кофеханалары журналистиканың негізгі қағидалары қалыптасқан орта болды. Көптеген қызу талқылаулар (кей кездері қатерлі) нәтижесінде ақпарат шынайылығын анықтау, нақтылық, көзқарастардың дұрыстығына көз жеткізу қағидаларын қалыптастырды, сонымен қатар азаматтардың шынайы ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөнінде ортақ келісімге келді:

Журналистиканың басты принципі – ақиқатты айту және қоғамның ақпарат алу құқығын сыйлау;

Журналистика – тарихтың тасқа басылған алғашқы шимай парағы деп жиі айтылады, өйткені халыққа тарихи оқиғалардың қалай өткенін ең әуелі журналистер жеткізеді;

Журналистика ғаламдық жылыну, соғыс, цунами дауылынан бастап ғаламдық экономикалық дағдарыс немесе ғаламдық терроризм секілді адамзатты толғандыратын бүгінгі және келешектің еншісіндегі маңызды оқиғалар жайлы жаһандық қауымдастықты хабардар етеді;

Журналистика күнделікті күйбең тіршілігімізде кездесетін автобус кестесінің өзгеруі, тарифтер мен салықтардың өсуі, жергілікті спорт командасының жетістігі мен сәтсіздігі немесе танымал тұлғаның дүниеден өткені секілді ақпаратты құлағдар етіп отырады (Бейнбриж Джейсон, Гок Никола, Тайнан Лиз, 2019).

Журналист атқаратын негізгі қызметтердің бірі – өз оқырмандарын, тыңдармандарын, көрермендерін объективті түрде хабардар ету. Яғни журналист – «ақпарат – аудитория» тізбегінің буыны. Бірақ ол осы немесе басқа ақпаратты автоматты түрде жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар көбінесе саналы немесе бейсаналық түрде оның ұсынылатын перспективасына әсер етеді. Қоғамда болып жатқан процестерге бұқаралық ақпарат құралдары жауапты. Демек, бұл жауапкершілік жүгі де БАҚ қызметкерінің мойнына түседі. Сондықтан журналистің өз рөлін қалай анықтайтыны және оған қоғамның қалай қарайтыны маңызды фактор болып табылады.

Журналист – қоғамдық ақпараттық саланың қызметкері болып есептеледі. Ол жаңалықты халыққа таратушы болып табылады. Журналист – газет-журнал немесе радио мен теледидар жұмысын атқарып, шығармашылық қызмет жасайды. Ол редакция жұмысында бірінші – ұйымдастырушылық, екінші – әдеби өңдеу, үшінші – шығармашылықпен айналысады. Бұл

үшін оған білім мен қабілет керек. Қандай оқиғаны болсын тапқырлықпен, сенімді түрде, көз жеткізіп жазатын болуы керек. Жұртқа өмір жайлы толғап айта білу де – үлкен өнер. Ол тіл, сөз байлығын қолдану қажет. Тағы бір айтарлық жайт, журналист қоғамдық қайраткер бола алса, тіпті жақсы. Ол заман, уақыт ағымын жақсы түсіну тиіс. Әсіресе, идеяға толы материалдар жазып, жұрттың назарын аудара білген жөн.

Журналистің тағы бір қасиеті – оның саяси – әлеуметтік қызметіне, дүниеге деген көз-қарасына, позициясына байланысты. Бұл – жан-жақты білімділік пен саяси-азаматтық тұрғыдан өсу, кемшіліктерге төзбеу, уақытпен санаспау керектігін білдіреді. Журналист өз ісіне адал берілген маман болуы тиіс. Сондай-ақ, журналист көпшіл болуы, жұртпен тез ортақ тіл тапқыш болғаны абзал. Ол қашанда жинақы, қиын жағдайдың өзінде жұмыс істей алатын, аңғарымпаз және сезгіш болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда Б.Омарұлы – жолы болған жазушы.

«Кез келген журналистің шеберлігі тақырыпты таңдай білуінен байқалады. Өйткені мақаланың оқырманды тарта білуі тақырыпты сәтпен ойластыруға тікелей байланысты. Әрине, газет тәжірибесінде әдемі тақырып таңдап отыруға уақыт бола бермейді. Алайда белгілі бір журналист өзінің талантын оқырмандарға аңғарту үшін белгілі бір тақырыпты таңдап алып, оған барлық қабілет-қарымын сала отырып, оны «жұтындырып» шығаруға күш салуы қажет. Бұл арада журналист екі нәрсеге мән беру керек: 1. Тақырыптың оқырманды тарта білуі, 2. Сол сәттегі өзекті мәселені тақырыптың қамти алуы. Егер осы екі жайт мұқият ескерілмесе, журналистің еңбегі зая кетеді. Сондықтан тақырыпты таңдау мәселесінде «жеті рет өлшеп, бір рет пішу керек»» (Э. Лазарева, 1989).

Табиғатына сәйкес тақырыптар шартты түрде төмендегідей үшке бөлінеді:

1. Оқырманды еліктіретін қызықты тақырып.
2. Күнделікті елең еткізетін оқиғалық тақырып
3. Сараптамалық сипаттағы танымдық тақырып

Егер осы айтылған үш жайттың біреуін журналист мұқият таңдап жан-жақты зерттеп жазса, мақаланың сәтті шығатыны анық (М. Черепанова, 1973: 267).

Публицистің мақалаларының басым көпшілігі сараптамалық сипаттағы танымдық тақырып десек қателеспейміз. Б.Омарұлы публицистикасының алтын діңгегі – ұлттық құндылық.

«Аруана бауыр дүние» кітабына жинақталған мақалаларында отбасы тұтастығы, бала тәрбиесі, үлкендер ұлағаты кеңінен талданады. Публицист ұлттық қасиетті сақтаудың тетігі отбасылық тәрбие екендігін ұтымды жеткізе білген. Отбасындағы ақыл мен парасаттың, мейірім мен кісіліктің қазығы – ата мен әже. Қазақ отбасындағы ата-әжеге деген отбасы мүшелерінің кеменгер мінезі таңқалдырады» (Б. Омарұлы, 2005).

Б.Омарұлының «Аруана бауыр дүние» кітабындағы бұл үзінді қазақ отбасындағы әдемі үндестік, ауызбіршілікті сақтау айтылмайтын тылсым түйін арқылы шешіледі.

«Толғауы тоқсан тіршілік» деп аталатын бірінші бөлімін автор «Отбасына ие бол, отағасы» деп алып:

Қара қазақ, сені қайтейін,
Шыманнан қорыққан,
Шыман, сені қайтейін,
Ұлдайдан қорыққан, –

деген «Шыман хан туралы халық аңызынан» бастайды. «Шаңырақтың билігін ақжаулықтың қолына біржола беріп, әйелінің қас-қабағына қарап күнелтетін бөріктілер қатары көбейіп барады...» деп басталатын аталмыш публицистік дүниесінде Б. Омарұлы ұлттық дәстүрімізге он қайнаса да сорпасы қосылмайтын қасаң қағидаларды алға тартады. «... Өзгелерге еліктейміз деп өз табиғатымыздан ажырап қала жаздаппыз. Соның басты мысалының бірі – қазақ әйелінің болмыс-бітімінің, табиғатының өзгеруі. Бұрын әйел қара жамылғанда ғана шашын жайып жіберетін. Қазір екінің бірі шашын жайып жүреді. Бұрын әйел еркекті пір тұтатын, қадірлейтін. Қазір кейбіреулері күйеулеріне жұдырық жұмсаудан тайынбайды» немесе «... Отбасына өзі би, өзі қожа шайпау келіншектер көп балалы ана атанып, ұрпақ санын көбейтуге үлес қосады деп ойлаудың өзі күлкілі. Бала таппақ түгілі, дүкенге баруға ерінетіндер ер адамның «Соңымда ұрпақ қалсыншы, халқым көбейсінші» деген ұсынысын қабылдай қоюы екіталай. «Әрі күйеуімді бір шыбықпен айдайын, әрі балағымнан бала сауласын» деген келіншек көргеніміз жоқ», – деген келелі ой түйеді, шындықты шығғырта бетке басады (Б. Омарұлы, 1998: 19). Бұл, әрине, түсінген адамға – көпке топырақ шашу емес. Зердесі бар зерттесін, түйсігі бар түсінсіннің – әңгімесі.

Б. Омарұлы публицистикасының тағы бір ерекшелігі, ол барлық жазбаларының басын

дерлік «Студенттер фольклорынан», «Ауыз әдебиетінен», «Жолсапар жазбаларынан», «Журналистік фольклордан» деп эпиграммамен бастайды, онысы жазушының өзіне ғана тән стилін аңғартады.

Газеттің өзі бір күндік болғанымен, сөзі мың күндік екенін ескерсек, деректі дүние ешқашан далада қалмасқа керек. Тарихымызға үңілсек, жазылған ойлар ақтарылмай қалған емес. Бауыржанның журналистік қызметін әңгімелемес бұрын, осы есімнің журналистикаға қалай келгеніне көз жүгіртсек. Ол жоғарыда айттып өткеніміздей, асау Аралдың Қаратерең ауылында дүниеге келіп, мектепті тәмамдаған соң, арман қуып Алматыға келіп, журналистиканың ауылына ат басын бұрады. Көргені мен түйгенін эзіл өлең қып құрап, көзі көргенді көңілге тоқи береді. Бауыржанның өзі журфак-тағы студенттік қызықты күндерін «11-ші қаламұш» кітабының әр бетінде сыр ғып төгеді.

Публицистің өзі пір тұтып, публицистикасында үнемі тіліне тиек етіп жүретін қазақтың батыры Б.Момышұлынан бастап, З.Қабдолов, Ш.Мұртаза, Т.Қожакеев, Е.Смайыл, С.Бердіқұлов, Ж.Аупбаев, т.б. салған сара жол, өзінің бойындағы қаламмен қанат қаққан қиял Бауыржанның журналистикаға деген қызығушылығын арттыра түсті. Арман арқалап Алматыға келіп, журналистика мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп алады. Содан бері оның ойлы эсселері мен сырлы очерктері оқырман жүрегіне жол тартуда. Қаламгердің апыл-тапыл басқан қадамы Сейдахмет Бердіқұлов редакторлық еткен «Лениншіл жаста» шыңдалады. Журналистикада өзіндік мектебі бар Сейдаған ұстаздық еткен Бауыржанның публицистикасындағы өзіндік ерекшелік – беймәлім дүниенің сыр ашуымен бірге белгілі адамның белгісіз қырын жария ету. Оның басты қасиеті – айналасындағы жолдас-жораларына, әуелгі таңдаған мамандығына, ұстанған бағытына, алған тақырыбына барынша адалдығы. Қашанда ол өз халқына қатысты елең еткізер деректерді, сирек оқиғаларды іздеп жүреді. Оның қаламынан туған публицистикалық мақалалары бірінен кейін бірі әдемі өріліп, оқырман жүрегіне жол тартады. Оның бірі – көкірегіне аяныш отын жақса («Бесік көрмеген балалар», т.б.), екіншісі – еріксіз, риясыз күлкі шақырады («Әже», т.б.), ал енді бірі – оңдырмай сабаңа түсіреді («Отбасыңа ие бол, отағасы», т.б.).

Бауыржан Омарұлының жақсы көретін және жете игеріп, жаңа өрістерге шығарып жүрген жанры – очерк пен эссе. Кәдімгі кейіпкерлердің тұла бойындағы мәлім де беймәлім сырла-

рын дөп басу, жүрген жерлерінің барлығын да көкейге тоқып жүру – публицист қырағылығы. Ашық-жарқын, бүкпесіз сырласу да – Омарұлы публицистикасының алтын дінгегі. Кейіпкерінің жүрегіне жол тауып, ішкі пікірінің пердесін дөп басып, бүгінгінің ғана емес, бұрынғының да шежіресінен сыр тарқату, жазған дүниелерін тарихи очерк деңгейіне көтеріп, деректі дүниеге айналдыру – Бауыржан публицистикасының айнымас кредосы. Публицист тұлғалардың тұтас галереясын жасаған. Әсіресе журналистер туралы жазған эсселерінде мамандықтың мәртебесін арттыруды көздейді. Мәелен, Сейдахмет Бердіқұлов – ұстаз, Бауыржан шәкірт болып, арманшыл жастардың ақ отауы – «Лениншіл жаста» бірге қызмет істеген. Қаламгердің жазушылық қызметін ұштауда ұстаз еңбегі ұшан-теңіз. Оның аталмыш газеттегі туындыларында өзіндік ерекшелік бар. Ұстаздың тың идеяларымен сусындаған шәкірт оқырманды қызықтыратын соны тақырыптарға бара білген. Асылы публицист шығармашылығының кең өріс алып, дами түскен кезеңі осы болса керек. Тарих тұңғығынан сыр тартқан таланттың танымын таразылау үшін нақты дерек пен дәйектер керек екені анық.

Б.Омарұлы «Лениншіл жасқа» келген жылдары кеңестік идеологияның қоғамда берік орнап, сананы мықтап жаулап алған кезі. Мектеп бітірген өрімдей қазақ жастарын күштеп, ауыл шаруашылығына жегу сол кездегі содыр саясаттың ең басты мақсаты болатын. Қазақ жастарын қолдаудың орнына олардың ауыл шаруашылығына жегіліп, мал соңында қалғанын арнайы жоспармен жүзеге асырған кеңестік билік қаншама талантқа тұсау салғанын кейінгі жылдары ғана біліп келеміз. Сол жылдары жарық көрген басылым беттерінен мектеп бітірген жастар бригада құрып, қалған замандастарына үндеу хаттар жолдағанын байқаймыз. Әрине әрбір қаламгер өз заманынан, өз уақытынан тыс нәрсені жаза алмайды. Алайда сол кездегі содыр саясаттың астарын ұққан Б.Омарұлы өз кезегінде әдемі дүниелерді, эсселер мен очерктерді өмірге әкелді. Профессор Қ.Бекхожин: «Көркем очерк – сөз өнерінің аса маңызды буыны. Ол – әдебиеттің айбынды да, оперативті түрі, күнделікті өмір бәйгесіне қосар жүйрік жанры. Өмір шындығының ең жаңа құбылыстары мен оқиғаларына дереу үн қоса отырып, очерк өмірді тез таниды, өмірдегі жаңалық, жақсылық атаулыны жедел түйіндейді» (Т. Ыдырысов, 1984: 32).

Б.Омарұлының публицистикалық мақалаларының өзі – бір романға жүк боларлықтай ауыр

әрі соны. Мысалы, «Отан отбасынан басталады» мақаласы бір ойды бір ой қуып, «Жас Алаш» газетінде бұрын жарияланған «Отбасына ие бол, отағасы» атты мақаланың оқырман арасында қызу пікірталас тудырып, соның негізінде жазылған: «... Газетте жарық көрген «Отбасына ие бол, отағасы» атты мақалада көтерілген мәселелерді талқылауға, қазақ шаңырағы, жас отаудың жай-күйі, ер-азаматтың оттың басындағы орны жөнінде кеңінен әңгіме қозғауға жиылдық...», – дейді автор аталмыш мақалада (Б. Омарұлы, 1998: 23-24]. Міне, көріп отырғанымыздай, жазушы қаламынан өрілген қандай да бір ой болмасын, ол қоғамдық пікір туғызады, пікір туғызып қана қоймай, оқырманын ойлатады. «Бесік көрмеген балалар. Боздап жүрген ботан бар». Мәселе көтеріп, соның шешімін тапқанша жаны қалмай, жүрегі ауыратын публицистің келесі бір туындысы осылай аталады. Ол бұл тақырыпқа бармас бұрын сол жетімектердің «өмірін сүріп, солармен бірге болды». Балалар үйінде тәрбиеші бола жүріп автор әр қаракөздің тағдырын таразылады, байыппен тұжырым жасады, аяушылықпен шын жаны ашыды. Содан барып аталмыш публицистика дүниеге келді: «Жетімдер үйіне «тәрбиеші» болып бару туралы ой мына оқиғадан кейін туындаған еді» деп басталатын мақала – журналистік зерттеуге толы. Әр баланың тағдырына алаңдау, зерттеу жұмыстары, балалардың әрқайсысына қамқор көңілмен қарау – оңай шаруа емес. Десек те, мойнына ауыр да сауапты іс арқалаған журналист алдына қойған мақсат үдесінен шығады. Әрине, жетімдердің бәріне жан жылуынды төккенімен, ата-анасының орнын толтыра ал-майтының – ащы шындық. Солай бола тұрып, олардың өміріне бір сәттік болса да шуақ төгу – екінші бірінің қолынан келе бермес. «Бір апта аттай зулап өте шықты. Жүрегі жаралы балаларға әбден бауыр басып қалыппын. Әлі де үш-төрт күн бола түскім бар еді. Бір күні аулада бірін-бірі қуалап ойнап жүрген балалардың арасынан бөлініп шыққан Уақбаев Еділдің жаныма жүгіріп келіп: «Аға, шыныңызды айтыңызшы, сіз менің әкем емессіз бе, мені алып кетейін деп жүрген жоқсыз ба?» дегені. Бірінші класс баласының жалғыз ауыз сөзі сең соққан балықтай сенделтіп жіберді. Құрысын, бұдан әрі балалардың жүрегін ауыртпай-ақ қояйын!.. Төзе алатын емеспін! Осылайша «тәрбиешілікті» мерзімінен бұрын аяқтап, асай-мүсейімді жинай бастадым...

Тірі жетімдердің тұрағынан ұзап барамын. Көңіл дегенің әлем-жәлем...

Атамыз қазақ жетімхана дегенді білмеген халық еді...» (Б. Омарұлы, 1998: 64-65]. Оқырман көңілінен шығатын мақала жазу үшін, жалпы қазақ публицистикасына ойлантып, ой қосарлық, тезге салып, тәрбиелейтін дүние жазу үшін өз жаныңды аямау – соғыс кезіндегі ерлікпен парапар. Олай дейтініміз, көпшілік жағдайда пиар жасау үшін ғана, кім көрінгеннің алдына түсіп, «шаба беретін» журналшыларымыз көп мына заманда Омарұлының ерлігі – теңдессіз ерлік. Мақаладағы композиция мен сюжет өзара жымдаса түскен. Көркем-публицистикалық жанрдың очеркіне көбірек келіңкірейтін элементтері басым мұндай дүниелер публицист шеберханасында мол. Очерк табиғатын зерттеген профессор Т.Қожакеев: «Жанрда тастан ойғандай етіп, жұмыр да шымыр шығаруда сюжет пен композицияға зор мән беріледі. Очеркте сюжеттің болуы да, болмауы да мүмкін. Егер оның негізінде басталуы, дамуы, шарықтауы, шешілуі бар оқиға жатса, ол сюжетті оқиға барысында кейіпкер бейнесі ашылады», – деген сөзінің жаны бар (Т. Қожакеев, 1991: 212).

Автор өз эссе, мақала, очерктерінде ассоциация әдісін шебер қолданады. Анау-мынау емес, өзінің сарыауыз балапан, жас журналист кезінде С.Бердіқұловтай алып қаламгермен салыстыра отырып, терең де танымдық деректерді келтіреді. Мәселен, «Тұлпарлығы тай күнінде танылған» толғамы өзінің ұстазына арналады. Ассоциацияға кезек берсек... «Университетті бітірер-бітірместен мүйізі қарағайдай қазақ басылымына қызметке алынып, осының өзі өңіміз бе, түсіміз бе деп жүрген кезіміз еді. Сейдахмет ағаның әр ескертпесі бір-бір сабақ.

Бір күні хатшы қыз хабар айтып кетті:

– Бердіқұлов ағай бөлмелерді аралап келе жатыр!

Бөлім бастығы жалма-жан алдындағы қобыраған қағаздарды ретке келтіре бастады. Төс қалтадан алынған қызылқанат тарақ өз иелігіндегі қара шашты ретке келтірді де, шыққан жеріне қайта сүңгіп кетті. Қисайыңқырап тұрған галстук лезде түп-түзу бола қалды. Босағадағы столда бастығымның бар қимылын айна-қатесіз қайталап мен отырмын.

Келді! Бердіқұлов есікті айқара ашып, кіріп келді». Тірі сурет. Жанды образ. Көз алдыңызға өзіңіздің бастығыңыз (әрине, көп басшылар сұсты келеді ғой...) елестеп кетеді. Содан кейін суреткер жалынды да білікті басшының түйдек-түйдек сөздерін тілге тиек етеді: «Мына баланың жұмысқа келгеніне бір ай болып қалды. Бөлімдерінде жаңалық, өзгерістің ізі де жоқ.

Қызметке жаңадан жас жігіттің келгені мүлде білінбейді. ...Жұмысқа орналасқаным бар-жоғы жиырма күн. Терлеп-тепшіп тұрып, өзім бесінші курстың бозөкпе студенті болсам, бас-аяғы үш аптада не тындыра қоймақпын деп ойладым. Маған бірауыз сөз айтпай, бөлім бастығына ескертпе жасағанына қысылып барамын». Міне, шырығу, шығармадағы шиеленіс осы жерден басталады. Әрі қарай... «Әрі ойладым, бері ойладым, жұртты таң қалдыратын жаңалыққа жуық арада жолығатын түрім жоқ. Бір-екі көйлекті бұрын тоздырған әріптестерімнен ештеп сыр тартып көрдім. Ештеңе шықпады. Орталық кітапханаға барып, газет тігінділерін парақтап отырып, «осы атағы дырдай Бердіқұловтың өзі біз сияқты «Лениншіл жастың» босағасынан аттаған кезде не жазды екен?» деген ой келді». Сөйтіп, Омарұлы ұстазын «зерттей бастады». Достық әрі еліктеушілік рәуіштен (Қожакеевше) туған «журналистік зерттеудің» қорытындысы былай болды: «... Қырық жыл қажымай-талмай қалам тербеген Сейдахмет ағамыздың жас шағында жазған дүниелері терең ойлылықты, талғампаздық пен сезімталдықты танытады.

Бұл жылдар жас жігіттің спорт журналистикасына бүйрегі бұрғанымен, басқа тақырыптарды да өгей баладай көрмей, көпшіліктің көкейіндегіні тап басатын өткір мақалаларды көсіле жазып, ауыздыға дес бермей тұрған кезі. Қалам сілтесі бөлек, ой өрімдері қазақы. Сөйлемдері шымыр» (Б. Омарұлы, 1998: 90-93). Ассоциациялық теңеу, образды бейнелеу – Б.Омарұлының бар шығармаларына тән. Жоғарыдағы мысалдар оның мақалаларының көркемдік ерекшеліктерін де анықтай түседі.

«Кейде көзілдірікті құхи көрсетуді де ойлайды,– дейді «Қара көзілдірікпен қарама, құбым» деген мақаласында,– «Жайлауға шыққан ауыл әдетінде кешкі күзет бар. Оған қыз-қырқын, келінкепшік, бозбалалар шығады» (С. Бердіқұлов, 1959) немесе «Иә, ашу орындайды, ақыл аяңдайды. Ақыл керек мұндайда, ақыл керек. Тоқтай тұрыңызшы, ашуға мініп, оны ақылмен аяңдатып әуре болмай-ақ қоюға болар ма еді. Әлбетте, болады. Ол үшін ауыздан шығар сөзді, көрсетер мінезді таразыға тартып, қайта-қайта салмақтау парыз. Сонда жолға шығушының да, оң сапар тілеушінің де көңілі жаз...» (С. Бердіқұлов, 1960). Иә болмаса, автордың мақаласындағы пайыммен айтсақ, Сейдахмет Бердіқұловтың спорт журналистикасының жалына жармасып, желден жүйрік жаңалықты жұрттан бұрын хабарлап, жедел репортаждар жаза бастағаны осы кез. Бүкіл бір елдің ай қарағандай қарап отыр-

ған жалғыз футбол командасының сәтсіздіктеріне күйінеді. Жаны қалмай барып, стадионнан тауы шағылып қайтқан жұрттың көңіл-күйін қалтқысыз жеткізетін жанашыр журналистің: «Ал, екінші таймда... Мұндағы қайраттықтардың бейшаралығын ашумен де, басқа сөлекет сөздермен де айтып жеткізу қиын. Қатты айтқанда, «Қайратта» қазір алдағы айқастарда көрсететін айбынды қайрат түгіл қауқар да жоқ»,– деген ұстаз ой өрнектері уақыт өте келе біздің кейіпкеріміздің де шеберлік шыңына жетуіне шамшырақ болғандығы анық (С. Бердіқұлов, 1959). Одан кейін де Бауыржанша айтсақ: «Ұшпаққа шығарады деп жүріп жүрген сүйікті командасынан осылай көңілі қалып, көшке берген тайлағын қайтып алудың аз-ақ алдында отырған жанкүйер бәрібір қол үзіп кете қоюдан аулақ. Сәтсіздіктің өзінен жұбаныш іздейді. Сол сезім, сол әсер Сейдахмет ағамыздың қаламынан былайша бедерленеді»: «Ұтылыс кімге де болса жақсы дейсіз. Дегенмен, жұртшылық табанды тартысқан ойыншыларға ренжіп қайтқан жоқ» (С. Бердіқұлов, 1959).

Мақаланың көркемдігін асыра түсіру үшін мұндай деректерді орнымен қолданған да дұрыс. Өйткені журналистік зерттеудегі журналистік эксперимент ұғымы қазіргі журналистикада да өз соқпағын салып келеді. Бауыржан Омарұлы өзі ұстаз тұтып, төбесіне көтерген Сейдахмет ағаның осындай ерекше материалдарынан «әрбір тілші үйренсе екен» деген Бауыржанның ақ көңілі еседі. Мәселен, ол өз кітабында «Ал, енді допты хоккейден алматылықтардың тегеурінді қимыл танытқанына тәнті болып, арқаланған жас журналист сөз ойнатқанда қамшы салдырмайды»,– дей келе Секеңнің: «Сонымен ойын басталып кетті. Шу дегеннен-ақ, екі команда да торуылдап, байқап қимылдау дегенді қойды. Шабуылшылар сынапша сырғып, қақпаға төніп келген сәттер көбейді. Стадион іші қым-қуыт. Кейде Волга бойының жігіттері, бірде Алатау баурайының балалары қақпаға дүрсе қоя береді», – деген әдемі салыстыруынан сабақ алып, оны өз қаламынан шыққан туындыларына өзек етеді (С. Бердіқұлов, 1961).

Мәтіннің дүниеге келуі – автордың жеке тұлғалық қасиеті мен ішкі жан дүниесінің сиқырлы сырының жария етілуі. Автор материалмен жеке дара қалып, оның барлық детальдарын игеріп, жан-жақты салыстырып, талдау жасап, содан кейін сол материалға сәйкес образ жасайды. Мәтін бірден жазыла салмайды. Оны жазу үшін автор жинақтаған материалдарын құрастырудың әр түрлі тәсілдерін іздестіреді.

Мәтінге автор өз ішінен шыққан сәбиіндей қарым-қатынас жасауы тиіс. Ең бастысы – жазылған мәтінді қабылдауға аудиторияны дайындау қажет.

Баспа өнімі ең алдымен газет-журнал материалдары ауқымды оқырмандар орасына арналуымен, сол арқылы баршаға түсінікті тілмен ортақ стильді құралдарды пайдалануымен ерекшеленеді. Материалдың нақтылығы мен айқындылығы, хабарламаны тиянақты жеткізудегі қағидалар – журналистиканың бұлжымас ережесіне айналған. Автор мәтінді жазу барысында әсіресе, ол ақпараттық сипатта болса, семантикалық және психоэстетикалық деформациялардан, артық идеялардан аулақ болғаны абзал.

Мәтін жазу үшін тілді орнымен қолданудың да маңызы зор. Оның түрлі типтерін ыңғайына қарай ұтымды пайдалану журналистен асқан кәсібилікті талап етеді. Тілдің түрлеріне қарай жалпыға ортақ және тұлғалық, авторлық деп бөлуге болады. Біріншісі – күнделікті байланыс құралына айналған тіл, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі, публицистика тілі. Екіншісі – автордың өзіндік стилистикалық ерекшелігі, өзгеге ұқсамайтын тіл. Мұндай деңгейде көріну үшін журналистен тіл заңдылықтары мен нормаларын, қағидаларын терең меңгеруді, эстетикалық талғам мен кәсіби шеберлік талап етіледі. Бұл орайда ресейлік ғалымдар ең алдымен автор нені қалың оқырманға ұсынуды қалайтынын, нені айтуға немесе жария етуге болатынын, олардың назарын не нәрсені аударуға керектігін анықтап алғаны дұрыс деген пікірді жиі айтады. Әрине, мұндай қағидамен біз де келісеміз.

Баспа тәжірибесінде жазба мәтіндер мазмұнына қарай: баяндау, суреттеу, талдау деген түрлерге бөлінеді. Енді осылардың әрқайсысына тоқталайық. Баяндау мәтінінде белгілі бір оқиға мен дерек жайлы өткен уақыттың бейнесі көрсетіледі.

Суреттеу мәтіні шынайы өмірдің суретін немесе бейнесін көрсете отырып, жекелеген фрагменттер мен эпизодтарға ееркше тоқталуды, бейнелеуді мақсат етеді.

Талдау мәтінінде құбылысты зерттеу, бір мәселе турасында тұжырымдар жасау үшін болған жайдың әр аргументіне тұтас әрі жеке дара мән беріп, нәтижесінде белгілі бір жағдайға байланысты байламдар жасайды. Мұндай мәтіндер талдамалы жарияланымдарды жазу барысында кеңінен қолданылады. Мұндай тәсілді Б.Омарұлының шығармашылығынан жиі кездестіруге болады.

Жазба мәтіндер диалектикалық түрлік мазмұнына қарай әртүрлі тәсілдермен құрылады. Яғни публицистика жанларының әртүрлі белгілеріне қарай олар әрқалай түзіледі. Мәселен, хабарлама жанлары дәлі әрі шектеулі стильдік ерекшеліктерімен өзгеше. Мұнда мәтін құраушы материал барынша сығымдалып, интермәтінділік тәсілмен жазылады. Ал көркем-публицистикалық мәтіндерді жазу мүлдем өзгеше тәсілде жүргізіледі. Мұнда мәтін кең көлемде, сюжеттік құрылымы ешқашан бір сызықты болмайды. Керісінше, автор шындықты тану мен анықтау мақсатында сюжеттік құрылым элементтерін ерекше жасауға, барынша ашып көрсетуге мән береді.

Талдамалы мәтіндер құрылымы бұлардан өзгеше тәсілмен жасалады. Ғалым А.Тертычныйдың концепциясы бойынша бұл тәсіл, біріншіден, талдау барысында дәлелдеуді мақсат етіп, танымдық ерешкелігімен көзге түседі. Мұнда бір-бірімен байланыстағы құбылыс, жекелеген деректер – танымдық бағытта айқындау тәсілмен жасалады. Екіншіден, мәтін құрауда коммуникативті-бағыттылық тәсілі қолданылып, аудитория күткен үміт пен автор болжамының сәйкестілігіне, шындықты бейнелеудегі форма мен тәсілдер көпшілік күткен деңгейде орындалуына мән беріледі. Мәтін жазу барысында ең тиімдісі баршаға ортақ түсінікті тілмен яғни күнделікті байланыс тілін таңдаған дұрыс. Содан кейін ғана жанрлық ерекшеліктеріне қарай мәтіннің түрлік моделін таңдап, соған сәйкес құрылған дұрыс (А.Тертычный, 2013).

Бауыржан шығармашылығына тән ерекшелік – сөйлемді, яғни, мақала соңын құдды қазақтың ертегілерінше «бақша мұратына жетіпті» (дұрысы: «мақсат-мұратына жету» болу керек) деп аяқтау, соңына көп нүкте қоя тұжырымдау (...), сауал тастай ойландыру, оқырманының жігерін жану. Мысалы, «Бір ғұлама «Бақыт дегенді қалай түсінесің?» деген сауалға: «Ертеңгісін жұмысқа барғың келіп тұрса, бақыт деген – сол. Ертеңгісін жұмысқа барғың келетіні – мамандығыңды сүйетінің, кешке үйге қайтқың келетіні – отбасыңда сүттей ұйыған тіршіліктің болғаны» деп жауап берген екен. Ал, сіз қайтесіз, құрметті ағайын? Шыныңызды айтыңызшы?!...» немесе «Бұл жалғандағы татар дәмі таусылуға төртбес күн қалғанда да дерт меңдеген Сейдахмет аға қазақ журналистикасының жай-күйін ойлап жатты. Соны көріп, қайран ағамның қан құсып жатса да көзіне жас алмағанына куә болып, семсер тілді Сейдахмет Бердіқұловтың сол қолымен жазылған бұйрығымен «Лениншіл жасқа»

қызметке алынған қыз-жігіттердің бір несібесі артық-ау деп ойлағанымыз рас...» және «-Жақсы бала екен,- дейді әжем маған мейірлене қарап. Нені меңзеп отырғанын сеземін де, жымың ете түсемін...» (Б. Омарұлы, 1998: 22-23, 88, 98). Қазіргі журналистика әлемінде тілшілерге көбінесе жетіспей жататыны – «ақ» нәрсені көрмеу, қайта «қараның» бірінші орынға «шығып кетуін» тілеп тұратын жымысқы саясаттың орын алып жатқан мынадай алмағайып заманда Бауыржан публицистикасының үйретері көп деуге толық негіз бар. Оған публицист жазбалары – куә. Оқырманға салмақ сала отырып, келесі бір проблеманы айту жоғарыда келтірілген мысалдарда көптеп кездеседі, осындай салмақты сауалдарды байқауға болады. «Журналист – өз заманының, өз дәуірінің жаршысы» деп бекер айтылмағандығына тағы да бір көз жеткізгендей боламыз.

«Суреттеме сырттай репортажға ұқсайды. Бірақ онда автор өзі куә болған нақты бір оқиғаны бастан-аяқ қайта елесететеді. Оның мақсаты – назар аударарлық оқиғаның қоғамдық-әлеуметтік мәнін ашу», – деген анықтама береді профессор Т. Қожакеев (Т. Қожакеев, 1991: 128). Б.Омарұлы суреттемесінде: «Жазғы демалысымды алып, ауылда емін-еркін сайрандап жүрмін. Қаратереңнің шеге құмына жалаң аяқтарын армансыз қыздырған кластастарым бүгінде зінгіттей жігіттер мен борықтай келіншектер. Нұржанды көрдім. Жә деген суретші. Екеуміз сонау Зайсаннан балық аулап оралған балықшы Аққасен досымыздікіне бардық. Гөй-гөй әңгіме шертілді. Ананы-мынаны айттық. Сөз арнасы актриса кластасымызға ойысты». Балықшы кластасымыз Аққасеннің сөзі: «... жұрт теледидардан кино көріп отыр. Қарасам, біздің Гүлнәз... Кластасым десем, ешкім сенбейді. Қайта өзімді мазақ етіп күледі». Біздің сөз: «-Бір кездері сен де актер болам деуші едің...». Аққасен: «-Бәрі де қалды ғой. Үй-ішінің, отбасының күйбеңі... Шыға алмадық». Бауыржанның бейнелеуі: «Мұңайып қалды. Ал, қабырғаға жапсырылған «Жаңа фильм» журналының айқара бетінен актриса Гүлнәз Омарова күлімсірей қарайды...» (Б. Омарұлы, 1998: 134].

Автордың көркем ойды берудегі шеберлігі де өзіндік ерекшелігі деуге болады. Мәселен, Бауыржан Омарұлының жан дүниесін барлық шығармаларының өн бойынан анық байқауға болады. Әдетте өзіне де, өзгеге де салмақты сауал қоюмен аяқтаған оның айтар ойы, көтерген проблемасының ерекшелігі осында. Әрбір журналист өзіндік «менін» қалыптастыру үшін

тыңнан сүрлеу салуға ұмтылады. Шеберлігі шындалған, ойы ұшқыр қаламгердің кейде тыңнан сүрлеу салуы – сондай талпыныстың нәтижесі. Не жазса да, оның қоғамдық мәнін ашуға тырысады. Проблема көтеріп, қозғау салады. Оның публицистикасындағы ақпарат беру әдістері сан түрлілігімен оқырманын өзіне тартады, әп дегеннен-ақ баурап алады. Журналист шеберлігінің шын шыңы да осында жатса керек.

Публицистің көтерген мәселесі – ақпараттар ағыны. Журналистердің жан кешті еңбектері жайлы. Оқиғаның барысы мен өтілуі, жеңістер мен жеңістері жайында бәрі жазады, бәрі хабарлайды. Ал мұндай фактілер тізбегіне үнілудің өзі Бауыржанның ізденімпаздығын, мамандығына деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін көрсетеді. Журналистің ойы орамды, қаламы қарымды болуы үшін идеяға бай, алымды да шалымды ептілік керек. Оның қозғаған тақырыптарының қоғамдық мәні болуға тиісті.

Қарапайым түсінікте публицистика – қоғамда орын алған, саясат ағымында көрініс тапқан мәні зор оқиға, құбылыстар туралы жаңалыққа толы хабарлар мен көркем сөздің араласуы реакцияға түседі. Яғни оны жасаушы адам өмірде болып жатқан өзгерістерді, тың дүниелерді көрегендікпен тез байқап, оған шұғыл үн қосып, оқиғаларға деген өз замандастарының көзқарасын айқын білдіріп отыруы шарт. Қоғамдық пікірді қалыптастыруда шешуші күш міндетін атқару керек.

Қорытынды. Публицистің міндеті – заманымыздың, дәуіріміздің шежіресін жазу болса, Бауыржан Омарұлы да – өзі туып-өскен заман, дәуір шежіресін жазуға бір кісідей атсалысқан азамат. Атап айтар болсақ, публицистің «Қаратерең вальсі» туған жеріне сөзбен тұрғызылған ескерткіш деуге болады.

Б. Омарұлы «Ленишіл жастың» жалынды шабытқа толы шеберханасында шындалып өскен ол – әр жылдары «Айқын», «Ана тілі», «Егемен Қазақстан», т.б. да қазақтың маңдай алды басылымдарында жауапты қызметтер атқарып, оларға мақалалар бере жүріп, ақпараттар ағынының жалынан бір елі айырылмаған азамат. Телевизиядағы апталық-сараптамалық хабарларының өзі бір төбе.

Әрбір ақын-жазушы немесе журналистің қарым-қабілетінде, таным-түсінігінде, болмыс-бітімінде өзіне ғана тән ерекшеліктері болуы заңды. Солардың тіл шеберлігін өзін ғана өзгешелейтін «мені» танылады. Бұл әңгіме, әрине, Б.Омарұлына да қатысты. Ендеше публицист шығармашылық шеберханасына мұқият

үңіліп, өзіне ғана тән ерекше қырларын жіктеп-жіктеп қараған дұрыс.

Б.Омарұлының публицистикалық шығармашылығына тән бірінші ерекшелік – позициясы айқындалған, тақырыптық жағынан озық. Оның негізгі тақырыбы – қарапайым ауыл адамдарының өмірінен бастап, танымал тұлғалар галереясы. Публицист қаламынан туған әр алуан тақырыптардағы тарихи, проблемалық материалдары өз аудиториясын ешқашан жоғалтқан емес.

Бүгінгі ұрпақ сабақ аларлықтай тәлім-тәрбиесі мол, мұрағат деректерін дұрыс қолдана білу – Бауыржан Омарұлы шығармашылығының екінші ерекшелігі. Мейлі, очеркінде болсын, мейлі, эссесінде болсын, дерек пен дәлелге мейлінше салмақ беретін жазушының бұл жазу үрдісі оның талғампаздығы мен жауапкершілігінің жоғарылығы болса керек.

Қоғамда орын алған әлеуметтік-саяси мәселелерге шұғыл үн қосу, соған әлеуметтік талдау жасай білу – Бауыржан Омарұлының үшінші ерекшелігі. Өзі қызмет еткен, етпеген газеттерге, тіпті, лауазымды қызметтерде жүрсе де қоғамдағы болып жатқан айтулы оқиғаларға үн қосып отырады.

Бауыржан Омарұлы шығармашылығына тән төртінші ерекшелік – табиғаттың суреттерін өзінің бүкіл мақаласында дерлік әдемі өрнекпен бере отырып, шынайы өмір көріністерінен алшақ кетпеу. Онысы үнемі публицисті тиянақты

тұжырым жасауға септігін тигізеді. Публицистің ендігі бір ерекшелігі – халық ауыз әдебиетінің алтын жауһарларынан қанып ішуі. Өзінің барлық мақалаларында фольклордың әдісін қолдана отырып, оқырманын баурап алу – Омарұлының теңдесі жоқ бірі қыры.

Журналистің шығармашылығына тән алтыншы ерекшелік – тілінің жалпыға бірдей, қарапайым, түсінікті болуы. Оның сөйлемдері оқылуға сұранып тұратын ішкі қуатының мол екендігімен ерекшеленеді. Қарымды қаламгерде көркемдік бейнелеу құралдары өте көп, тілі жатық, сонымен бірге өзіндік ой қорыту мәселесіне өте жауапты, аса үлкен құрметпен қарайды. Мерзімді баспасөз беттерінде ой-толғамы терең, айтары мол публицист ретінде танылып үлгірген Б.Омарұлы туындыларын көпшіліктің асыға күтіп оқуының бір себебі осында жатса керек. Әлеуметтік желідегі эсселеріне жазылған пікірлер сөзіміздің айғағы.

Ешкім бара қоймайтын тақырыптарға қалам тартуы, оның әр алуан болып келуі – Б.Омарұлы шығармашылығына қатысты жетінші ерекшелік. Тағы бір ерекшелігі – Бауыржан Омарұлы очерк-мақала, сұқбат, эссе жазуды терең меңгерген, жанрлық талаптарға сай шебер ойластырылған сюжетке әр беретін көркем тілге бай, сондықтан да Б.Омарұлының публицистикасындағы ақпарат беруі әдістері мен көркемдік тәсілдерін жас журналистерге үйретудің, үлгі етудің мәні зор.

Әдебиеттер:

- Аупбаев Ж. Айлы түн... Айдала // Лениншіл жас, 4 қыркүйек, 1971.
Омарұлы Б. 11-ші қаламұш. – Алматы: Алты Алаш, 2010. – 334 б.
Vainbridge Jason, Nicola Gos, Liz Tynan. Media and journalism – «Ultyk audarma burosy» КК, 2019.
Бердіқұлов С. Қара көзілдірікпен қарама, құрбым // Лениншіл жас, 22 шілде, 1959.
Бердіқұлов С. Көңілге дақ салмай қойыңыз // Лениншіл жас, 13 шілде, 1960.
Бердіқұлов С. Қайраттың қауқары да жоқ // Лениншіл жас, 16 сәуір, 1959.
Бердіқұлов С. Табанды тартыс // Лениншіл жас, 24 сәуір, 1959.
Бердіқұлов С. Спартакта халық көп // Лениншіл жас, 17 қаңтар, 1961.
Құрманғали Қ. Біз білетін Бауыржан // Егемен Қазақстан, 29 маусым, 2013.
Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы: Рауан, 1991. -212 б.
Лазарева Э.А. Заголовок в газете. Учебное пособие. – У.: Издательство Уральского университета, 1989.
Омарұлы Б. 11-ші қаламұш. – Алматы: «Алты Алаш», 2010. -334 б.
Омарұлы Б. Бас редактор – погонсыз генерал, атақ-дәрежесі рәсімделмеген ғылым докторы, патентсіз өнертапқыш, лицензия алмаған конструктор//Айқын, №41(1926). 15 қараша, 2012.
Омарұлы Б. «Аруана бауыр дүние» кітабынан үзінді // Бала тәрбиесі, № 5, 2005.
Омарұлы Б. Аруана бауыр дүние. – Алматы: Шартарап, 1998. – 9-10, 19 б.
Тертычный А.А. Аналитическая журналистика. – М.: Издательство «Аспект Пресс», 2013.
Черепанов М. Проблемы теории публицистики. – Москва: Мысль, 1973. – 267 с.
Ыдырысов Т. Шеберлік бастауы. – Алматы: Мектеп, 1984. – 32 б.

References

- Aupbayev ZH. Aily tun... Aidala // [Moonlit night... Boundless steppe], Leninshil zhas, 4 qyrkuiek, 1971.
- Bainbridge Jason, Nicola Goc, Liz Tynan. Zhuralistika zhane media. [Media and journalism] – «Ulityk audarma burosy» KK, 2019.
- Berdikulov S. Qara kozildirikpen karama, kurbym // [Don't look through black glasses, friend] Leninshil zhas, 22 shilde, 1959.
- Berdikulov S. Konilge dak salmai koynyz // [Don't disappoint me] Leninshil zhas, 13 shilde, 1960.
- Berdikulov S. Kairattyn kaukary da zhok // [“Kairat” has no strength to win] Leninshil zhas, 16 sauir, 1959.
- Berdikulov S. Tabandy tartys // [Successful fight] Leninshil zhas, 24 sauir, 1959.
- Berdikulov S. Spartakta khalyk kop // [There are a lot of people in Spartak] Leninshil zhas, 17 kantar, 1961.
- Kurmangali K. Biz biletin Bauyrzhan // [Bauyrzhan whom we know] Egemen Qazaqstan, 29 mausym, 2013.
- Kozhekeev T. Zhas tilshiler serigi. [Companion of young journalists] -Almaty: Rauan, 1991. -212 b.
- Lazareva E.A. Zagalovok v gazete: uchebnoe posobiye. [Newspaper headline: study guide] – Izdatelstvo Uralskogo universiteta, 1989.
- Omaruly B. 11-shi kalamush. [11th handle]. -Almaty: Alty Alash, 2010. -334 bb.
- Omaruly B. Bas redaktor – pogonsyz general, atak-darejesi rasimdelmegen gylym doktory, patentsiz onertapkysh, licenziya almagan konstruktor // [The editor-in-chief is a general without a shoulder strap, a doctor of science without a title, an inventor without a patent, a designer without a license] Aikyn, №41(1926). 15 qarasha, 2012.
- Omaruly B. «Aruana bauyr dunye» kitabynan uzindi // [Mother Earth] Bala tarbiyesi, № 5, 2005. -b.
- Omaruly B. Aruana bauyr dunye. [Mother Earth] -Almaty: Shartarap, 1998. -9-10, 19 bb.
- Tertichnyi A.A. Analiticheskaya zhurnalistika. [Analytical journalism]– Isdatelstvo «Aspekt press», 2013.
- Cherepakhov M. Problemy teorii zhurnalistiki. [Problems of the theory of journalism] – Moskva: Mysl, 1973.-267 s.
- Ydyrysov T. Sheberlik bastauy. [The beginning of mastery] –Almaty: Mektep, 1984. -32 b.